

ӘЛЕУЕТТІ ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА АРНАЛҒАН ЧЕК – ПАРАҚ


01

КРЕДИТТІК ШАРТПЕН ТОЛЫҚ ТАНЫСЫП ШЫҚПАЙ, ОҒАН ҚОЛ ҚОЙМАҢЫЗ

Шартқа қол қоймас бұрын оның барлық талаптарын мүқият оқып шығыңыз! Заң бойынша сіз шарттың жобасымен танысуға құқылышыз, сондықтан танысуға қосымша уақыт талап етіңіз. Егер бір нәрсे түсініксіз болса, кредиттік ұйымның кеңесшісінен сұраңыз. Менеджерге кредит беру талаптары бойынша, тараптардың құқықтары мен міндеттері туралы, оның ішінде мерзімі өткен жағдайда, салдары туралы кез келген нақтылаушы сұрақтар қойыңыз. Ол толық ақпарат беруге, кредит бойынша пайыздарды есептеп, өтеге кестесін түсіндіріп, тәуекелдер туралы айтып беруге тиіс.

Қосымша,
мүмкіндігінше,
заңгермен кеңесініз.
Ең бастысы, егер сіз
оның талаптарымен
келіспесеңіз, шартқа
қол қоймаңыз.

Есіңізде болсын,
кез келген кредит –
бұл үлкен
жауапкершілік!




02

ЖАДЫНАМАҒА, ТИТУЛДЫҚ ПАРАҚҚА ЖӘНЕ ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫНА НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шарт алдындағы жұмысты күшету үшін, банктік шарттардың ашықтығын арттыру мақсатында қарыз шартын жасағанға дейін қарыз алушыға ұсынылатын жадынаманың жаңа нысаны белгіленді. Жадынама бірнеше кредиттік ұйымдардың қарыз шарттарымен танысу және салыстыру үшін қажет.

Қарыз шартына шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын титулдық паралық қоса беріледі. Титулдық паралық форматы барлығы үшін бірдей. Титулдық паралық: қарыз сомасы мен мерзімі, сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, өтеге әдісі мен тәсілі, сондай-ақ шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін айыпақының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері бойынша қарыз туралы негізгі мәліметті қамтиды.

Шарттың жалпы талаптарында мыналар қамтылады:



- шарт жасасқан күн;
- қарыз сомасы мен валютасы;
- қарыздың және шарттың қолданылу мерзімі;
- қарызды және сыйақыны өтеудің тәртібі (касса арқылы, банктік шотқа қашықтан терминал арқылы және тараптардың келісімі бойынша басқалар), кезеңділігі;
- кредит кепілді болған жағдайда шартта кредиттік ұйымдар талаптарда қамтамасыз етуді көрсетуге тиіс;
- кредиттік ұйымдардың деректемелері;
- қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерін орындаған не тиісінше тәсілмен орындаған жағдайда кредиттік ұйым қабылдайтын шаралар;
- сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері.

03

ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕРДІ НЕМЕСЕ ӨНІМДЕРДІ ҰСЫНАДЫ МА, ЖОҚ ПА, СОНЫ НАҚТЫЛАП АЛЫҢЫЗ

Көп жағдайда кредиттік ұйымдар сақтандыруды, кредиттік картаны ресімдеу немесе кредиттік желі ашу сияқты қосымша қызметтер мен қаржы өнімдерін ұсынады. Қарыз алушы кредитті сақтандырығысы келмесе, онда банктер оған барлық тәуекел қосылатын пайыздық мөлшерлемені ұлғайтуға құқылышы. Мәселе ипотекалық қарызға қатысты болатын жағдайда, мүлікті сақтандыру, әдетте, міндетті шарт болып табылады. Бірақ кредит картасын не кредит желісін ресімдеуден бас тартуға болады, себебі бұл қызмет ерікті болып есептеледі.